БЕКІТЕМІН:
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы
№4 жалпы білім беретін мектебі» КММ
басшысының міндетін атқарушы
Ахметкалиева М.Б. _____
«___» _____2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар жоспары

Р/с №	Ұсыным	Іс-шара	Іс-шараны аяқтау нысаны	Орындаушылар	Іс-шараны орындау мерзімі
1	Мектеп қызметіне ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізу, анықталған бұзушылықтарды талдау және оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау	Талдамалық анықтама, қабылданған шаралар туралы ақпарат	Мектеп директоры	Жылына 2 рет
2	Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қызмет көрсетушілердің қызмет алушылармен тікелей байланыста болуы	Техникалық мүмкіндік болған жағдайда мемлекеттік қызметтерді көрсетудің электрондық арналарын пайдалануды қамтамасыз ету және азаматтарға қызметтерді алу тәртібі туралы ақпарат беру	Ақпараттық анықтама	Мектеп директоры	Тұрақты

Р/с №	Ұсыным	Іс-шара	Іс-шараны аяқтау нысаны	Орындаушылар	Іс-шараны орындау мерзімі
3	Білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету кезіндегі тәуекелдер	Мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттары мен қағидаларының, белгіленген мерзімдердің және азаматтардың өтініштерін қарау тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қызмет алушыларға негізсіз талаптар қоюға жол бермеу	Жүргізілген жұмыс туралы ақпарат	Мектеп директоры	Тұрақты
4	Қызметкерлердің Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын жеткіліксіз білуі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтау мәселелері бойынша оқыту және түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру	Хаттама, қатысушыларды тіркеу парағы	Мектеп директоры	Жеке жоспарға сәйкес
5	Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар туралы жеткіліксіз хабардар болуы	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау арналары және оларды жасағаны үшін жауаптылық туралы ақпаратты орналастыруды және өзектендіруді қамтамасыз ету	Скриншоттар, ақпараттық анықтама	Мектеп директоры	Тұрақты